

A. T. Nursapa¹, I. K. Kuderin²

¹Narxoz University, Almaty, Kazakhstan;

²KazNU. Al-Farabi, Almaty. Kazakhstan

asiya.nursapa@narxoz.kz

THE ROLE OF ARBITRATION IN ENVIRONMENTAL DISPUTES

Abstract. The article deals with the problem of environmental disputes, as well as the types of environmental responsibility, and the expansion of the subjects of ecological liability, including considered, arbitration - disputes in the sphere of environmental protection in judicial practice.

Keywords: law, civil procedure, the court consideration of the case, the environmental offense.

ӘОЖ: 347.9.6

A. T. Нұрсапа¹, И. К. Кудерин²

¹Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан;

²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАУЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУДАҒЫ ТӨРЕЛІКТІҢ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада экологиялық дауларды шешу мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, экологиялық жауапкершіліктің түрі, жауапкершілік субъектісі болатын тұлға қатарын толықтыру мәселесі. Оның ішінде төрелік - сот тәжірибесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы даулардың қатысушылары қарастырылған.

Түйін сөздер: құқық, азаматтық іс жүргізу, сот, іс қарау, экологиялық құқық бұзушылық.

Тұлғаның құқық субъектілік сияқты қоғамдық-құқықтық қасиеттерінің болуы оған құқықтық қатынастарға түсуге, нақты заңды құқықтар мен міндеттердің иесі болуға мүмкіндік береді.

Әрбір азамат сот органдары арқылы өз мүддесін қорғауға құқығы бар және бұл құқықты азаматтық, қылмыстық, әкімшілік өндірісте жүзеге асырады.

ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексінің (АІЖК) 1 бабында айтылған: «Қазақстан Республикасы аумағына азаматтық сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдарымен, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексімен айқындалады. Азаматтық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін өзге заңдардың ережелері осы Кодекске енгізілуге тиіс. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының азаматтық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік қаулылары азаматтық іс жүргізу құқығының құрамдас бөлігі болып табылады» [1].

Азаматтық істер бойынша сот төрелігі заң мен сот алдындағы теңдік негізінде жүзеге асырылады.

Экологиялық дауларды шешу тәртібі 2007 жылы 9 қаңтардағы Экологиялық кодекстің 323 бабында, Экологиялық құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы экологиялық даулар келіс-

сөздер арқылы, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не тараптардың бұрын келісілген дауларды шешу рәсіміне сәйкес шешілуі мүмкін екендігі айтылған [2].

Яғни, ҚР АІЖК-нің 24 бабында, сотқа ведомстволық бағынысты, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дау тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация, партисипативті процедуралар тәртібінде шешілуі мүмкін немесе заңмен тыйым салынбаған болса, төреліктің қарауына берілуі мүмкін [2].

2016 жылдың 8 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасында «Төрелік туралы» жаңа заңнама қолданысқа енгізілді. Аталмыш заң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, дау субъектілерінің мемлекет ішінде немесе оның шегінен тысқары жердегі тұрғылықты жеріне немесе орналасқан жеріне қарамастан, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен болатын азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған, төрелік шешетін дауларға қатысты қолданылады.

Қазақстан Республикасында Төрелігі тұрақты жұмыс істейтін төрелік немесе нақты дауды шешетін төрелік түрінде құрылуы мүмкін. Нақты дауды қарайтын төрелікті тараптар дауды шешу үшін құрады және ол сол дауды шешкенге дейін немесе тараптар дауды сотқа беру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасында төреліктерді мемлекеттік органдар, мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ табиғи монополия субъектілері және тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында басым жағдайға ие субъектілер, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, олардың еншілес және тәуелді ұйымдары, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар құра алмайды.

Төрелік - сот тәжірибесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы даулардың қатысушылары ретінде шаруа (фермерлік) қожалықтар қатысатын жағдайлар белгілі.

Тараптар арасында бекітілген төрелік келісім болған жағдайда, дау төреліктің қарастырылуына берілуі мүмкін. Соттың қарауында жатқан дауға қатысты төрелік келісім аталған сот дау бойынша шешім қабылдағанға дейін жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайда сот арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Талаптарын тараптардың бірі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда айқындаған және басқа тарап ұсынылған шартқа тұтастай қосылуы (қосылу шарты) арқылы ғана қабылдауы мүмкін болған шарт бойынша дауды шешу туралы төрелік келісім, егер мұндай келісім талап қою үшін негіздер туындағаннан кейін жасалса, жарамды болады.

Осылайша, жер телімін өз бетімен игеруге жол бермеушілікті бақылайтын мемлекеттік органның арнайы комиссиясы қабылдаған актісін жарамсыз деп тану талап арызы бойынша төрелік процесіне қатысу мүмкіндігі, бұл органға құқықтық салдар тудыратын шешім қабылдау құқығы берілгендігімен байланысты. Керісінше жағдайда, заңсыз шешім бағытталған тұлға сот тәртібінде өзінің мүдделерін қорғау құқығын іске асыра алмайды.

Шетелдік тұлғалардың қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің ерекшелігі құқық бұзушы қандай елдің құзырында немесе бақылауында болса, сол мемлекетке аталған жауапкершілік жүктеледі. Бұл жауапкершілік РИО-92 Декларациясының экологиялық шығынның теріс салдары үшін жауапкершілікке қатысты қосымша халықаралық-құқықтық нормаларды бекітуді мақсат етіп қойып, мемлекеттерді өзара әріптестік қарым қатынас жасауға міндеттейтін 13 Қағидасына сәйкес қолданылады.

Экологиялық құқықбұзушылық арқылы келтірілген зиянның орнын толтыру туралы даудың субъекттік құрамының мәселесі мен ерекшелігін іздей отырып, экологиялық құқықтық қатынас субъектілеріне жүгіну қажет.

Құқықтық әдебиеттерде құқықтық қатынастың субъекттік құрамы түсінігі кеңінен зерттелген.

Мысалы, «Мемлекет және құқық теориясы» оқулығының авторлары Н.И. Матузов және А.В. Малько құқықтық қатынастың қатысушылары заңмен қарастырылған құқықтар мен міндеттердің иелері ретінде болатын адамдар мен олардың бірлестіктері ретінде қабылданатын құқық субъектілері болып табылатынын айтады. Кез келген құқықтық қатынаста екіден кем емес субъектілер (қарапайым құқықтық қатынас) болуы қажет. Себебі жеке индивид қандай да бір қоғамдық қатынаста, оның ішінде өз өзімен құқықтық қатынаста бола алмайды, яғни құқықтық қатынаста екі қарама-қарсы тарап бар – құзырлы және құқықтық міндетті.

Жалпы ереже бойынша экологиялық құқық бұзушылықтың субъектілері азаматтық айналымның (азаматтар мен заңды тұлғалар) дәстүрлі қатысушылары болып табылады.

Табиғи объектілерге қатысты құқық бұзушылық субъектілері табиғи ресурстардың меншіктеушілері де, иесі, оларды жалға алушы мен өзге де табиғат пайдаланушылары бола алады.

Қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін төлем мен оның шекті өлшемін, қалдықтарды орналастыруды, зиянды әсерлердің өзге түрлерін анықтау тәртіптері, ортақ төлемдер қарастырылған табиғатты пайдаланумен байланысты әрекеттердің жеке түрлері анықталған.

Әрекеттің мұндай түрлеріне:

- табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты әрекет;
- атмосфераға стационарлы және жылжымалы көздерден зиянды заттардың шығарылуы;
- жер үстілік және жерастылық суларға зиянды заттарды тастау;
- қалдықтарды орналастыру;
- зиянды әрекеттердің өзге түрлері (шу, тербеліс, электромагниттік және радиациялық әсерлер және т.б.) жатады.

Реймерс Н.Ф. сөздік-анықтамасы бойынша табиғатты пайдалану ретінде табиғатты қорғау, игеру және қайта түрлендіруді қоса алғандағы, оған ықпал етудің барлық формаларының жиынтығы қабылданады.

Заңнамада нақты түсініктік ақпараттың болмауы даулы мәселелерді тудырады.

М.М. Бринчук өзінің «Экологиялық құқық: идеядан тәжірибеге» атты еңбегінде экологиялық заңнамалардың даму критерийларын анықтай отырып, өзге мәселелермен қатар экологиялық құқықтық қатынастың абсолюттік, жанама секілді субъектілер шеңберін құрастыру қажеттілігін көрсетеді, яғни қоғам, азаматтар және т.б. туралы мәселелердің дерексіз қойылымынан арылып, «меншіктеуші», «ұстаушы», «мүдделі тұлға» және т.б. секілді түсініктерді іздеу қажет.

Құқық бұзушылықтың міндетті элементінің бірі субъектісі, ал субъективті құрамын реттеуші экологиялық құқықта «ұстаушы» термині қолданылмайды. Дегенмен, ұстаушы – қандай да бір затқа ие тұлға.

Ие болу дегеніміз бұл затты ұстауға, басқаруға және оның сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған тұлғаның әрекеттер жинағы болып табылады.

Алайда, экологиялық құқық бұзушылықтан туындаған зияндарды өтеу бойынша қатынастардың ерекшелігі «ұстаушы» кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар немесе жеке азаматтардың шаруашылық немесе өзге әрекеттерінен туындаған қоршаған табиғи ортаның қолайсыз әсерінің нәтижесінде ұстаушының денсаулығы мен мүлкіне қатысты туындаған зиянды өтеумен байланысты ғана құқықтық қатынастың субъектісіне болуына мүмкіндік береді.

Мүдделі тұлға – жалпылаудың жоғарғы деңгейіндегі түсінік.

Мұндай жаңа түсініктерді енгізу жағдайында құқықтық қатынас өзінің бірқатар субъектілерін жоғалтуы мүмкін.

Құқық қолдану тұрғысынан экологиялық заңнама қандай да бір жарлық кімге бағытталғанын, реттелетін қатынастардың субъектісі кім екенін, экологиялық құқықтық қатынастардың қандай да бір субъектісінің түсінігін аша отырып, нақты көрсетуі қажет.

Экологиялық - құқықтық жауапкершіліктің құқықтық қатынастарында экологиялық құқық бұзушылық субъектілеріне мемлекеттік экологиялық бақылау органдары, сондай-ақ мемлекеттің құқық қорғау органдары қарсы тұрады.

Заң шығарушы бұрынғы қолданыстағы ведомстволық бақылауды экологиялық бақылау жүйесінің элементі ретінде қарастырмайды. Бұл нарықтық экономикаға көшумен байланысты. Ол министрліктердің, ведомстволардың функцияларының өзгеруіне, сонымен қатар кәсіпорындардың дербестіктерінің артуына алып келді.

Экологиялық құқық бұзушылық нәтижесіндегі зияндарды өтеу байланысты экологиялық даулардың субъектілік құрамын сараптай отырып, біздің көзқарасымыз бойынша,

а) жәбірленуші тарап болып табылатын;

б) зиянды өтеуге жауапты - субъектілерге қатысты мәселелерді зерттеген жөн.

Экологиялық құқық бұзушылық анықтамасына байланысты, зиян қоршаған ортаға және адам денсаулығына, сонымен қатар оның мүлкіне келуі мүмкін екенін байқаймыз.

Экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігін ескере отырып, «жәбірленуші» табиғат атынан жалпы өкілеттерімен қатар мемлекеттік экологиялық бақылау функцияларын атқарушы

мемлекеттік органдар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы өкілетті мемлекеттік органдар талап қоюшы болып табылады.

Өкілеттілік қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы билік органдарына берілетін қызметтердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Заңнамада бар өкілеттіліктер тізімі жеткілікті болып табылады.

Экологиялық талаптарды бұзудан туындаған зиянды өтеу туралы талап арыздарды арнайы өкілетті органдар өкілеттілігі табиғи ресурстардың жеке түрлерін қорғау және тиімді пайдаланумен шектелетін мемлекеттік органдарға бере алады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қоғамдық ұйымдардың қоршаған ортаны қорғау бойынша белсенді әрекет етпеуі соттық тәртіптегі ұйымдардың құқықтық жағдайын реттейтін заңнамалардың, сондай-ақ табиғатты қорғау заңнамаларын қолданудың қиындықтарымен түсіндіріледі.

Одан бөлек, мемлекеттік экологиялық бақылау органдары қоғамдық ұйымдар өздерінің күрес жұмыстарында жалғыз болмауы үшін, олардың жұмыстарына оңтайлы жағдай жасауы қажет.

Сонымен бірге, табиғатқа зиян келтіру жағдайында қоршаған ортаны қорғаушы қоғамдық ұйымдардың мүдделері бұл ұйымның қызмет етуі фактісінен туындайды. Ол «мүдделі талап беруші болмаса, талапарыз да болмайды» қағидасын іске асыруды кепілдендіреді.

Экологиялық заңнамаларды іске асыру саласындағы Қазақстан мен АҚШ-тың ұйымдастыру-әкімшілік, құқықтық және экономикалық тетіктерін салыстыру контекстінде АҚШ-та экологиялық құқықты қалыптастыру мен іске асыруда қоғамдық қатысуды ұйымдастырушылық тәжірибелік қамтамасыз ету қолға алынғанын ескерген жөн.

АҚШ-тың қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты азаматтар мен қоғамды экологиялық құқықтың дамуына байланысты шараларға кеңінен тартудан туындайды. Азаматтардың экологиялық маңызы бар ақпараттарға қол жетімділігі, әкімшілік шешімдер қабылдауға қатысуы, сөз бостандығы мен сотта өздерінің мүдделерін қорғауға конституциялық құқығы бар.

Экологиялық құқықтық қатынастар субъектілерінің арасында прокуратура органдары ерекше орынға ие. Прокуратураға экологиялық қатынастарды реттеуші заңнамалық актілердің орындалуын бақылауға мүмкіндік беретін функциялар жүктелген.

Прокурорлық бақылау сараптамасы прокуратура органдарының экология саласындағы жұмыстардың тиімділігін арыттырмауға ықпал ететін бірқатар себептерді анықтауға мүмкіндік берді. Бұл ең алдымен құқық қорғау және бақылау органдарының бақылау жүйелерінің жетілмеуі болып табылады.

«Экологиялық құқықты іске асыру бойынша прокуратура органдарының әрекеттері» жұмысының авторы Г.И. Осипов экологиялық әділеттілік - адамдар мен азаматтардың, ұйымдардың, қоғам мен мемлекеттің заңдарын, экологиялық нормалары мен қағидаларын бұзушылардан қорғаудың мемлекеттік органдарының жүйесін құру мәселесін қарастыру туралы ұсынысын айтты. Экологиялық әділеттілікке экологиялық полиция, соттар, төрелік соттар және өзге ұйымдық құрылымдар кіруі мүмкін.

Біздің көзқарасымыз бойынша, арнайы табиғи-қорғау прокуратураларының желісін ары қарай дамыту, сонымен қатар прокуратура органдарының функцияларын іске асырудың құқықтық тетігін қалыптастыру, сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамаларды бұзуға байланысты дауларды қарастыру бойынша төрелік соттардың маманданған соттық құрамын енгізу қажет.

Заңнамалық тәртіпте бір деңгейдегі экологиялық бақылау органдарының құзыреті мен өкілеттіктерін нақты анықтау қажет. Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау құзыретін атқаратын тұлғалардың міндеттерін нақты бөлуді және қолданыстағы заңнамалар қарастыратындай, ал орындамаған жағдайда нақты жауапкершілікке тартуды қарастыратын заңдылығына емес, шынайы міндеттер қатарына енгізуді қарастыратын Министрліктердің, комитеттердің және өзге органдардың ережелеріне өзгерістер енгізу өзекті болып отыр.

Материалдық құқық нормаларын қолдану тиімділігі іс жүргізу заңнамаларының сапасына тікелей қатысты. Азаматтар мен ұйымдар құқықтарының шынайылығы мен кепілденуін қамтамасыз ету бұл мәселенің дұрыс шешіміне тәуелді.

Төрелік сот жалпы әділет сотына қарағанда арнайы өкілеттілігі бар әділет органы болғандықтан, төрелік сотқа ведомствоға бағыныстылық істер туралы ережелер нақты сипатта болуы қажет.

Сот тәжірибесінде төрелік соттағы істің ведомствалық бағынысты болмауына байланысты талапарыздарды негізсіз қайтару жағдайлары кездеседі.

Азаматтардың оңтайлы қоршаған ортаға деген конституциялық құқықтарын қамтамасыз етумен байланысты өзге маңызды мәселе, қоғамдық экологиялық ұйымдардың өкілеттілік мәселелері болып табылады. Құқықтық жүйеде қоғам пайдалана алатын құқық бұзушыларға заңнамалық әсер етудің кең жиынына ие, оның ішінде сотқа немесе төрелік сотқа экологиялық құқық бұзушылықтан туындаған адам денсаулығына немесе мүлкіне келген зиянды өтеу туралы талапарыз беру. Қоғамдық ұйымдардың өкілеттілік тізімдері жарғыларымен нақтыланады. Олардың сараптамасы экологиялық бақылау саласындағы азаматтардың, қоғамдық экологиялық бірлестіктердің толық мәнінде олар табиғатты пайдалану жағдайына және қоршаған ортаны қорғау жағдайына жауап беретін деңгейге жетпегені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қоғамдық экологиялық бірлестіктеріне, ұйымдарына табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамаларда қарастырылған әдістерді кенінен пайдалану қажет.

Зиянды өтеуге жауапты субъектілер ведомствалық бағыныстылығына және мүлік формасына қарамастан экологиялық құқық бұзған заңды және жеке тұлғалар болды.

Бұл мәселені толықтай айқындағанда, жер телімдері шаруашылық басшыларына бекітілген жағдайда, жер заңнамасын бұзғаны үшін, шаруашылықтың өзге мүшесі заңнаманы бұзғанымен, жауапкершілік шаруашылық басшысына жүктеледі. ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес шаруа қожалықтарында жер телімі жалпы меншікте немесе жалпы үлестік меншікте болса, жауапкершілік субъектісі кім болып табылады. Заңнама бұл сұрақты шешпеген. Бұл мәселені шешу барысында жалпы меншік институтына сүйенген жөн деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының Азаматтық Іс жүргізу Кодексі, 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ, ІС «Әділет» - 2016г. <http://adilet.zan.kz>

[2] Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексті, 2007 жылғы 9 қаңтардағы, ІС «Әділет» - 2016г. <http://adilet.zan.kz>

[3] «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V ҚРЗ, ІС «Әділет» - 2016г. <http://adilet.zan.kz>

REFERENCES

[1] Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan, October 31, 2015 № 377-V SAM. IS «Adilet» - 2016. <http://adilet.zan.kz>

[2] Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, January 9, 2007 № 212, IS «Adilet» - 2016. <http://adilet.zan.kz>

[3] "On arbitration" Law of the Republic of Kazakhstan, April 8, 2016 № 488VZ RK, IS «Adilet» - 2016. <http://adilet.zan.kz>

А.Т. Нұрсапа¹, И. К. Кудерин²

Университет Нархоз, Алматы, Қазақстан;
ҚазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Қазақстан.

РОЛЬ АРБИТРАЖА В РАССМОТРЕНИИ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ СПОРОВ

Аннотация. В статье рассмотрены проблемы экологических споров, а также виды экологической ответственности и расширения круга субъектов эколого-правовой ответственности. В том числе рассмотрен арбитраж – споры в сфере охраны окружающей среды в судебной практике.

Ключевые слова: права, гражданский, процессуальный, суд, рассмотрение дело, экологическое правонарушение.

Информация об авторах:

Нұрсапа Асия Түрдәліқызы - Университет Нархоз, кафедра «Право», ст. преподаватель, м.ю.н., Қазақстан, Алматы, Тел: +77017757675

Кудерин Ильяс Кадырбекович - ҚазНУ им.аль-Фараби, кафедра "Таможенного, финансового и экологического право", доцент, к.ю.н., Қазақстан, Алматы.